

FTAMP 16.01.45

Г. Батешеова¹

¹Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Аңдатпа: Мақалада қазақ тілін оқытудағы функционалды сауаттылық мәселесі және жағдаяттық тапсырмаларды қолданудың тиімділігі баяндалады. Жағдаяттық тапсырмаларды құрастырудың жолдары көрсетіледі. Автор жағдаяттық тапсырмалар арқылы грамматикалық тақырыптарды қалай меңгертуге болатынын мысалдармен түсіндіреді. Сондай-ақ, мақалада «жағдаят» термині шетелдік философ, психолог ғалымдарының анықтамасымен түсіндіріледі.

Кілт сөздер: жағдаят, функционалды сауаттылық, жағдаяттық тапсырма, жағдаяттық мәселе, заманауи білім.

Аннотация: В статье излагается эффективность использования ситуационных заданий при обучении казахскому языку, указываются способы составления ситуационных заданий. Автор на примерах объясняет, как с помощью ситуационных заданий можно освоить грамматические темы. Также в статье термин «ситуация» был объяснен определением зарубежных ученых-философов, психологов.

Ключевые слова: ситуационная, функциональная грамотность, ситуационная задача, ситуационная проблема, современное образование.

Abstract: The article describes the problem of functional literacy in teaching the Kazakh language and the effectiveness of using situational tasks. There are shown some ways to create situational tasks. The author explains with examples how to master grammatical topics through situational tasks. Also in the article, the term "situational" is explained by the definition of foreign philosophers and scientists-psychologists.

Keywords: situation, functional literacy, situational task, situational problem, modern education

XXI ғасырдың талабына сай елімізде білім беру саласында тың өзгерістер күннен-күнге артып келеді. Орта білім берудің мазмұны өзгеріп,

жаңаша көзқарастар пайда болуда. Жаңартылған білім бағдарламасы педагогтердің де, ата-аналардың да көңілінен шығып, оң бағасын беруде. Бастапқыда дәстүрлі оқудың ықпалынан шыға алмай жүрген ұстаздар да қазіргі таңда жаңаша білім беру дағдыларына қалыптасып, үйренісіп те кетті. Шәкірттерінің функционалды сауаттылығын арттыру басты орында болу керек екендігін ұқты. Функционалды сауаттылық ұғымын таратып айтар болсақ, оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс өмірде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Яғни орта білім беру мектептерінде республикамыздың зияткерлік қабілеті қалыптасқан, рухани тұрғысынан дамыған, бүгінгі жаһандану заманында көштен қалмай ілесіп отыратын азамат етіп тәрбиелеу. Сондай-ақ мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтып, қолданыс аясын кеңейтуде білім беру саласындағы жаңалықтардың маңызы зор. Қазақ тілі сабағында қолданып жүрген қазіргі оқу тапсырмалары мен әдіс-тәсілдеріміз дәстүрлі оқыту жүйесінен біршама өзгеше, оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған тапсырмалардың түрлері де өте көп. Соның бірі – қазақ тілі сабағында қолданылатын жағдаяттық тапсырмалар.

Жағдаяттық тапсырмалар пәндік білім арқылы оқушыларға өмірлік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Заманауи білім беру сапасы оның нәтижелері мен нәтижелерге қол жеткізу үшін жасалған жағдайлардың сапасы арқылы өлшенеді.

Жағдаяттық тапсырмалардың негізі – жағдаят деп алсақ, бір қарағанда қарапайым болып көрінетін «жағдаят» термині - жұмбағы шешілмеген терең ұғым. Философиялық еңбектерде жағдаят дегеніміз – байланыстың, қызметтің уақыттық-кеңістік шарттарының субъективтілік және объективтілік бірліктері деп беріліп, тұлғаның әлеуметтік таратушысы, нақты бір мәдениеттің, дамыған даралықтың өкілі ретінде қарастырылады.

Неміс философы К.Ясперс жағдаяттарды жалпы және жалқы деп жіктеп, біріншісіне әр адамның басынан өтетін қуаныш, қайғы, қасіреттерді, екіншісіне бір ізді есепке алу жолдары жоқ, әр жағдаяттың өзіне тән жұмбақ фактілер жиынын жатқызады [1,520].

Д.Магнуссон әртүрлі деңгейдегі жағдаяттарға талдау жасап, талдау бірліктерінің арасындағы нақты шектің жоқтығын көрсете келіп, жағдаяттарды идеологиялық, әлеуметтік, мәдени деп бірнеше типтерге жіктеп, оның 5 түрлі факторларын ажыратады: онды және толықтырушы, кері тартушы, жігерлендіруші, әлеуметтік өзара байланыстырушы, белгісіздік[2,416].

Сонымен, жағдаятты шешу біріншіден, фактіні айқындаумен, екіншіден, өзіндік бекемнің пайда болуымен, үшіншіден, жағдаяттың не екендігін түсінумен сипатталады.

К.Левин еңбектерінде жағдаят жалпы өмірлік жағдаяттарға да, жеке әп-сәтте болатын жағдаяттарға да қатысты делінген. Осы тұрғыдан алғанда

автор жағдаят мәнін нақты бір сәттегі мінез-құлықты сипаттайтын барлық фактілер жинағын «психологиялық өмір кеңістігі» терминін пайдалана отырып түсіндіреді.

Жағдаяттық тапсырмалар оқушылардың мынадай қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді:

- логикалық ойлауы дамиды;
- сөздік қор, тіл байлығы молаяды;
- танымдық қызығушылығы артады;
- ізденімпаздық қасиеті жоғарылайды;

Сонымен қатар, жағдаяттық тапсырмалар орындау арқылы оқушының бойында мынадай дағдылар қалыптасады:

- өзекті мәселені табуға талпынады;
- мәселені шешудің балама жолдарын қарастырады;
- ақпараттарды сұрыптайды;
- тез ойлауға, терең ойлауға машықтанады;
- нақты шешім қабылдауға үйренеді;
- санадағы ойды зерделей біледі;

Көне Қытай философиясында Конфуцийден қалған «Маған айтып берсең, ұмытып қаламын, көрсетсең, есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң, үйренемін!» деген тұжырым бар. Жағдаяттық тапсырма беру арқылы мұғалім балаға ой тастайды, бала өз деңгейіне, аялық біліміне сай ықтимал жауап береді. Демек, оқушылар жағдаяттық тапсырмаларды орындағанда, ең бастысы оның өз бетінше жасаған әрекеті қалады екен.

Қазақ тілі сабағында жағдаяттық тапсырмаларды топтық, жұптық, жеке тапсырма ретінде де беруге болады. Мұндай тапсырмаларды жеке орындағаннан гөрі топта немесе жұптасып орындау балалардың тиімді, дұрыс шешім шығаруына септігін тигізеді.

Мақалада өз тәжірибемде қолданылған қазақ тілі сабағындағы жағдаяттық тапсырмалардың түрлері мен жүзеге асырылған технологиялардың тиімді тұстарын көрсетпекпін. Жағдаяттық тапсырмаларды құрастырудың мынадай түрлері бар:

1. Күнделікті өмірде болуы мүмкін жағдаяттық оқиғалар негізінде сұрақтар құрастыру. Адам баласы өмірде түрлі (екі ойлы, күмәнді, ынғайсыздық тудыратын, қиындықтан шығу т.с.с) жағдайларға тап болып жатады. Сондай кезде «не істеу керек?» деген сұрақ туындайды. Қазақ тілі сабағында өтіліп жатқан тақырып төңірегінде жағдаяттық сұрақ өрбіту – мұғалімнің шеберлігі. Мәселен, 8-сыныпта өтілетін «Көне түркі жазбалары – баға жетпес құнды байлық» тақырыбына байланысты мынадай жағдаяттық тапсырма құрастыруға болады: «Сенің үйіңе шетелдік азаматтар қонаққа келді. Олар Қазақстанның тарихи мәдениеті туралы білгісі келді. Сен оларға қандай ақпарат бере аласың?»

2. Жағдаяттық тапсырмаларды шешендік сөздер, аңыз әңгімелер, ертегілердің мазмұнынан алып, жағдаяттық оқиға желісі бойынша

оқушыларға ой тастау. Оқушының берген жауабын шығармадағы автордың шешімімен салыстыру. Мәселен, Сырым мен Малайсары арасындағы диалогтан мынадай бір үзіндіні алып, оқушыларға жағдаяттық тапсырма беруге болады. «*Сырым жиырма алты жасында бір жолдасымен Нұралы ханның үйіне барса, Қараман тана Малайсарымен сөйлесіп отыр екен.*

- *Балалар, аман ба? - депті де, елемей өздері сөйлесе берінті. Сырым жолдасына дауыстап:*

- *Жүр, кетейік, бұлар бізді адам деп отырған жоқ қой! - дейді. Малайсары жалт қарап:*

- *Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, Ана тұрып қыз сөйлегеннен без. Сырнайдай сарнаған мына бала кім еді? - дейді...»* Сонда сендер Сырымның орнында болсаңдар қалай жауап берер едіңдер?

Мұндай тапсырманы орындау арқылы оқушы шешендік сөзді есінде сақтап қана қоймайды, мәтін мазмұнындағы даналық сөздермен сөздік қорларын да байытады.

3.Мәтіннің кіріспесін қызықты оқиғамен бастап, жалғастыруды талап ету. Тапсырма оқушының шығармашылық қабілетін оятып, танымдық білімін арттырады. Оқушы оқиға желісін дамытып, көркем мәтін құруға талпынады. Мысалы, «Түн. Айнала жым-жырт. Үй іші шырты ұйқыда. Терезеден ақ жауынның тырсылы естіледі. Кенеттен...»

4.Қандай да бір мәселені сурет, сызба немесе кесте түрінде шешуді тапсыру. Мұндай тапсырманы да мұғалім сабақтың тақырыбына немесе оқу мақсатына орай түрлендіріп беруіне болады. Оған мысал ретінде 8-сыныптың қазақ тілі оқулығындағы «Логистика туралы не білеміз?» тақырыбы бойынша берілген 5-тапсырмадағы жағдаяттық тапсырманы келтіруімізге болады. «Сен логист болып жұмысқа орналастың. Ресейлік тұтынушыдан киіз үйге тапсырыс түсті. Киіз үйді алу мен тұтынушыға жеткізуге дейінгі аралықтағы барлық процесті ұйымдастырудың кезендік сызбасын жаса» [3,77].

5.Қазақ тілі сабағында пікірталас (дебат, диспуд) ойындары арқылы жағдаяттық мәселе көтеру. Көбінесе сыныптағы оқушыларды топтастыру арқылы жүзеге асырылады. Топтар арасында белгілі бір мәселе жөнінде ойды, пікірді, жобаны қолдану не жоққа шығару сипатында жүргізіледі. Пікірталас қарама-қарсы көзқарастардың қақтығысын қамтамасыз ететін ережелердің болуымен ерекшеленеді. Екі тарап өз позицияларын дәлелдеп қана қоймай, сонымен қатар, өз шешу жолдарын ұсынуы да тиіс. Талқыға салынатын тақырып екі жақты әділетті болғаны дұрыс. Мысалы, бір топ «Білім – өмір шырағы» дегенді ақтап шықса, екінші топ «Білім – адамзаттың қас жауы болуы мүмкін» дегенді дәлелдеуге тырысады.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың тілдік нормаларды дұрыс меңгеріп, сауатты сөйлеп, сауатты жазу дағдысын игеруі де маңызды. Бұл тұрғыда

жағдаяттық тапсырмаларды екі түрлі жолмен үйлестіруге болады. Оның бірі – жағдаяттық тапсырманың жауабын грамматикалық тақырыптармен байланыстырып беруді талап ету. Екіншісі – тапсырманың өзін тілдің дыбыс жүйесі, сөз мағынасы, тілдің грамматикалық заңдылықтары аясында жасауға болады. Сондай тапсырманың бірі ретінде көз алдымызға мына жағдаятты елестетіп көрейік: «Саған үш жыл бойы шетелде оқу бақыты бұйырды. Ата-анан, бауырларың, туған жеріңнен жырақта жүру сен үшін таңсық жағдай. Үш жылдан кейінгі елге оралғандағы көңіл күйіңді одағай сөздерін қолданып жеткізіп көр». Оқушы жауап берерде рөлге еніп, елге, туған жерге деген сағыныш сезімін білдіру үшін одағай түрлерін есіне түсіріп, орынды қолдануды қарастырады. Келесі бір тапсырманы мынадай үлгіде берсек:

Берілген сөйлемдерді бір сөзбен қалай атауға болады?

- 1) *Тілімізге ертеректе еніп, қалыптасып кеткен сөздердің сіңісіп кеткені соншалық, оларды аңғару қиын.*
- 2) *Өткен өмір шындығын шынайы тұрғыдан суреттеу үшін керек.*
- 3) *Тың кезінде болады, уақыт озған сайын бұрыннан бар сөз сияқты болып ұғынылады.*
- 4) *Ғылым мен техниканың белгілі бір саласын меңгеру үшін сол салаға тән сөздердің мағынасын түсіну қажет.*
- 5) *Негізгі қасиеті – тиянақтылық. Сөздері бекем орынға ие. Сөздердің орны тұрақты.*
- 6) *Халықтың ақыл-ойын, тапқырлығын, даналық қорытындыларын байқауға болады.*

Мұндай тапсырмаларды орындаған оқушы тіліміздің бай сөздік құрамы мен сөздік қоры туралы түсінік алады. Тіліміздегі әр сөздің табиғатын тереңінен түсінудің мәнін ұғады. Өзі де тіл білімінде берілген ғылыми анықтамаларды өз сөзімен қорытып, грамматикалық ұғымдардың өмірге де қажет екенін түсінеді.

Жағдаяттық тапсырмалардың өзіндік ерекше тұстары бар. Қазіргі заманауи зерттеушілердің (О.Акулова, С.А.Писарева, Е.В.Пискунова) пайымдауынша, жағдаяттық тапсырмалар оқушының функционалды сауаттылығын арттыруда маңызды ресурс болып табылады. Себебі оқушы білімді тәжірибе жасау арқылы алады. Тапсырмадағы жағдаят – шынайы қоғамда болып жатқан үдеріс. Өмірде оқушы тұрмақ, ондай жағдаятпен мұғалімнің өзі де кездеспеген болуы мүмкін. «Мұндай жағдайларда мұғалім мен оқушы тапсырманы бірігіп шешуге ұмтылады. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас «тұлға мен тұлғаға» ауысады. Яғни, мұғалім тапсырманың жауабын білуші ретінде емес, көмекші сипатында көрінеді» [4,96]

Л.С.Выготский оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» (ЖАДА) жұмыс істесе, танымдық дамудың жақсаратындығын атап көрсеткен. ЖАДА оқушы дамытатын дағды мен қабілеттер, өз бетімен

жасай алмайтын тапсырмалар көлемін айқындайды. Бұл тапсырмаларды орындауда оқушыларға жаңаны үйренуде тірек болатын ересектердің көмегі немесе қолдауы керек. Бұл қолдау қарым-қатынасты қамтиды және де Выготский бұл жағдайда оны оқытудың негізгі құралы деп есептейді [5,71]

Функционалды сауатты оқушы дегеніміз орта білім алу барысында өмірде кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім несі болып табылады. Басқаша айтқанда, функционалды сауаттылық - оқушының жеке тұлғасының әлеуметтенуіне оң ықпал ететін басты тірек.

Өз сабағына үнемі ізденіспен, жоғары дайындықпен келіп, түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану – қазіргі заманауи ұстаздарға қойылып отырған міндет. Ю.К.Бабанский: «Сапаны арттыру – нақты жағдайдағы кез келген шешімнің ең тиімді нұсқасын таңдау» - деп көрсеткен. Сондықтан да қазақ тілі сабағында оқушының функционалды сауаттылығын арттырып, сапалы білім беру үшін жағдаяттық тапсырмалардың алатын орны ерекше. Оны қандай жолмен құрастыру, қандай тиімді әдіспен қолдану қажеттігі әрбір ұстаздың еншісінде.

Сонымен, қазақ тілін оқытуда білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған білім мазмұнын меңгерген оқушы – білім, білік дағдыларын өмірлік қажеттілігіне қолдана білуді, жан-жақты ақпарат көздерімен жұмыс істей алуды, өмірлік мәселелерді сыни тұрғыдан бағалап, дұрыс басқара алу қабілетіне ие болған тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ясперс К. Духовная ситуация времени. – Москва: Полит издат.,1991. – 520 с.
- 2 Магнуссон К. Психология ситуации. – Санкт-Петербург: Питер, 2001. – 416 с.
- 3 Ермекова Т.Н., Ерхожина Ш.Л., Тоқбаева А.Е. «Қазақ тілі» оқулығы. 8-сынып. Арман-ПВ, 2018. – 77 б.
- 4 Акулова О.В., Писарева С.А., Пискунова Е.В. Конструирование ситуационных задач для оценки компетентности учащихся: Учебно-методическое пособие для педагогов школ. – СПб.: КАРО, 2008. – 96 с.
- 5 «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 71 б.